

Арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 454 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылды 27 желтоқсанда № 7354 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 468 бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.07.2019 № 468 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2010 жылғы 18 маусымда Санкт-Петербург қаласында жасалған Кеден одағының кеден аумағында еркін (арнайы, айрықша) экономикалық аймақтар және еркін кеден аймағының кедендік рәсімдері мәселелері жөніндегі келісімнің 6-бабын және "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті (А.Ж. Серіков):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрінің орынбасары -

Индустрія және жаңа

Қазақстан Республикасының
Премьер-Минistrінің орынбасары -
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
2011 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 454 бұйрығымен
бекітілген

Арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізу жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізу жөніндегі нұсқаулық 2010 жылғы 18 маусымда Санкт-Петербург қаласында жасалған Кеден одағының кеден аумағында еркін (арнайы, айрықша) экономикалық аймақтар және еркін кеден аймағының кедендік рәсімдері мәселелері жөніндегі келісімнің 6-бабын және "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру үшін әзірленді және Арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізуді (бұдан әрі - Тізілім), сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ қатысушысы ретінде тұлғаны тіркеуді куәландыратын күәлікті беруді нақтылайды.

2. Тізілімді жүргізу

2. Тізілімге Қазақстан Республикасының аумағында құрылған барлық арнайы экономикалық аймақтардың (бұдан әрі - АЭА) қатысушылары енгізіледі.

3. Тізілімді мемлекеттік және орыс тілдерінде осы Нұсқаулыққа 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық саясатты іске асыруға жауап беретін Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – жауапты бөлімше) жүргізеді.

4. Жауапты бөлімше АЭА басқарушы органы ұсынған АЭА қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты жасасу немесе бұзы туралы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мәліметтерді Тізілімге енгізеді.

АЭА қатысушысы ретінде тұлғаны тіркеу туралы мәліметтерді Тізілімге енгізу күні қызметті жүзеге асыру туралы шартты жасасу күні болып табылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 02.09.2014 № 15 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Тізілімді жүргізу өзіне мыналарды:

- 1) АЭА қатысушылары туралы мәліметті енгізу (қосу);
- 2) АЭА қатысушылары туралы мәліметті көкейкесті ету (жанарту).

6. Тізілім мынадай мәліметті қамтиды:

- 1) 1 - бағанға АЭА қатысушысының реттік нөмірі көрсетіледі;

2) 2 - бағанаға шетелдік занды тұлға шетел мемлекетінің заннамасы бойынша резиденттер емес үшін занды тұлға болып табылатынын куәландыратын, зандастырылған сауда Тізілімнің занды үзінді көшірмесі немесе басқада зандастырылған құжаты негізінде, резиденттер үшін занды тұлғаларды тіркеу туралы куәлік негізінде ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып занды тұлғаның толық атауы енгізіледі.

- 3) 3 - бағанға АЭА қатысушының қысқарған атауы енгізіледі;

- 4) 4 - бағанға АЭА қатысушының фирмалық атауы енгізіледі (бар болса);

- 5) 5 - бағанға АЭА қатысушының занды мекен-жайы енгізіледі;

6) 6 - бағанға АЭА қатысушының тіркелген нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі енгізіледі;

7) 7 - бағанға қатысушы АЭА аумағында қызметін жүзеге асыратын АЭА атауы енгізіледі;

8) 8 - бағанға АЭА аумағында қызметті жүзеге асыру туралы жасасқан келісім шартқа сәйкес АЭА қатысушысы жүзеге асырып жатқан жобаның атауы енгізіледі;

9) 9 - бағанға тұлғаны АЭА қатысушысы ретінде тіркеу туралы немесе тұлғаны АЭА қатысушы мәртебесінен айыру туралы Тізілімге жазуды енгізу күні енгізіледі;

10) 10 - бағанға тұлғаны АЭА қатысушысы ретінде тіркеу туралы куәліктің нөмірі енгізіледі;

- 11) 11 - бағанға өзге мәлімет енгізіледі.

7. Тізілімде мазмұндалатын ақпарат мүдделі тұлғалардың сұрау салуы бойынша ұсынылатын, жалпы қол жетімді және АЭА құру, жұмыс жасауы және тарату саласында уәкілетті мемлекеттік органның Ғаламтор-ресурсында орналасады.

3. Арнайы экономикалық аймақ қатысушысы ретінде тұлғаны тіркеуді куәландаратын куәлікті беруді

8. Арнайы экономикалық аймақ қатысушысы ретінде тұлғаны тіркеуді куәландаратын куәлік (бұдан әрі - Куәлік) мемлекеттік және орыс тілдерінде осы Нұсқаулыққа 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жауапты бөлімшемен рәсімделеді.

9. Куәлікте мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) АӘА-ны құру, жұмыс жасау және тарату саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның атауы;
- 2) АӘА қатысушысы ретінде тұлғаны тіркеу туралы мәліметтерді Тізілімге енгізу күні мен тіркеу нөмірі;
- 3) Куәлікті беру күні;
- 4) АӘА атауы;
- 5) АӘА қатысушысының атауы;
- 6) АӘА қатысушысының орналасқан орны;
- 7) басшының тегі, аты, экесінің аты (болған жағдайда), қолы және жауапты бөлімшенің мөрі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 02.09.2014 № 15 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. АӘА қатысушысы туралы мәлімет тізілімге енгізілгеннен кейін куәлік АӘА қатысушысына одан әрі беру үшін АӘА басқару органына бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

11. Куәлікті оны алу белгілеу тәсілімен келіп түскеннен кейін АӘА басқару органы бес жұмыс күні ішінде береді.

12. Куәліктің көшірмесін рәсімдеу Куәлікті қалпына келтіру туралы АӘА қатысушының өтінімі негізінде бұлғын, жоғалған жағдайларда жауапты бөлімшесі жүргізеді.

13. АӘА қатысушысына төменде келтірілген жағдайлардың біреуі туындаған жағдайда жаңа куәлік беріледі:

- 1) АӘА атауының өзгеруі;
- 2) АӘА қатысушысының атауының өзгеруі;
- 3) АӘА қатысушысының орналасқан жерінің өзгеруі.

14. Телнұсқа және жаңа Куәлік АӘА қатысушысына осы Нұсқаулықтың 10, 11-тармақтарына сәйкес беріледі.

Телнұсқаны немесе жаңа Куәлікті беру кезінде АӘА қатысушысы ретінде тұлғаны тіркеу туралы мәліметтер тізілімде тіркеу нөмірі мен енгізу күні өзгермейді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 02.09.2014 № 15 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Берілген Куәлік АӘА қатысушысына кері қайтарылады және тиісті мәлімет Тізілімге енгізіледі:

- 1) АӘА таратқан;

2) мерзімнің өтуі немесе қызметті жүзеге асыру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзған.

Арнайы экономикалық аймақ
қатысушыларының бірыңғай
тізілімін жүргізу нұсқаулығына
1-қосымша

Нысан

Арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізілімі

№ п/ п	Ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсететін заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаның қысқарған атауы	Заңды тұлғаның firmalық атауы (бар болса)	Заңды мекен-жайы	СТН (БТН)	Катысушы А Э А асыратын А Э А атауы	А Э А аумағында қызметті жүзеге асыру туралы жасасқан келісім шартқа сәйкес АЭА қатысушысы жүзеге асырып жатқан жобаның атауы	Тұлғаны А Э А қатысушысы ретінде тіркеу туралы немесе тұлғаны А Э А қатысушы статусынан айыру туралы Тізілімге жазуды енгізу күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Арнайы экономикалық аймақ
қатысушыларының бірыңғай
тізілімін жүргізу нұсқаулыққа
2-қосымша

Нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 02.09.2014 № 15 бүйрығымен (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

(уәкілетті органның атауы)

**Тұлғаны арнайы экономикалық аймақтың
қатысушысы ретінде тіркеу туралы
КУӘЛК** _____

(тіркеу нөмірі)

20__ ж. __ __

(Тұлғаны арнайы экономикалық, аймақ қатысушысы ретінде тіркеу туралы

мәліметтерді тізілімге енгізген күн)

20__ жылғы "___"

(куәлік берілген күн)

— (арнайы экономикалық аймақтың атауы)

— (арнайы экономикалық аймаққа қатысушының атауы)

— (арнайы экономикалық аймаққа қатысушының орналасқан жері)

Жауапты бөлімшениң басшысы

— (тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

МО

№_____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК